# *БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ*

1989 жылғы 20 қарашада
Біріккен Ұлттар Ұйымының
Бас Ассамблеясы қабылдады

**Бала құқықтары туралы конвенция** - Адамзат баласының туған кезінен 18 жасқа толғанға дейінгі құқықтары мен бостандыктарын бекітетін халыкаралық құқықтық акт. Балалардың құқықтарын қорғау туралы негізгі және рәсімдік ережелер енгізілген. Бұлар: өмір сүруге, есімінін болуына, азаматтыққа және т.б. ие болу құқықтары; аман-сау отбасылық өмір құқығы; сәбидің жеке басының еркін дамуын қамтамасыз ететін құқық; денсаулығын сақтау нығайту құқығы; білім алу мен мәдени даму құқығы; төтенше жағдайларда сәбиді қорғау құқықтар

# *Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы заңы*

## *10 тарау, 53 баптан тұрады*

**1тарау**. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР
**2тарау**. БАЛАЛАР МҮДДЕСІН КӨЗДЕЙТІН МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ
**3тарау**. БАЛАНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ
**4тарау.** БАЛА ЖӘНЕ ОТБАСЫ
**5тарау.** АТААНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ
**6тарау.** МҮГЕДЕК БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ
**7тарау**. БАЛА ЖӘНЕ ҚОҒАМ
**8тарау.** БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ЖӘНЕ ЗАҢМЕН ҚОРҒАЛАТЫН МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ
**9тарау**. БАЛА ЖАУАПКЕРШІЛІГІНІҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ МІНЕЗҚҰЛҚЫНА ӘСЕР ЕТУДЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
**10тарау**. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

**Конвенция** – арнайы бір мәселе жөніндегі мемлекеттердің өзара келісімі.

Бұл Конвенцияда Біріккен Ұлттар Ұйымына қатысатын бірнеше елдің өкілдері бірлесе отырып, осындай халықаралық шарт 1989 жылы 20-қарашада қабылданды.

Ол «Бала құқықтары туралы» Конвенция деп аталады. Ол Конвенция 54-баптан тұрады.

Конвенцияның басты міндеті – 18 жасқа дейінгі тұлғалардың құқығын қорғау.

# *Бала Құқықтары туралы Конвенцияда*

**Мемлекет әрбір баланың аман – сау өсіп, жан – жақты дамуын қамтамасыз етеді;**

**Бала өмірге келе салысымен тіркеуге алынады және өзіне есім мен азаматтық алуға құқылы;**

**Бала өмірге келе салысымен тіркеуге алынады және өзіне есім мен азаматтық алуға құқылы;**

**Бала өмірге келе салысымен тіркеуге алынады және өзіне есім мен азаматтық алуға құқылы;**

**Әрбір баланың ой – пікір, ар - ождан және дін еркіндігіне құқығы бар;**

Әрбір баланың ой – пікір, ар - ождан және дін еркіндігіне құқығы бар;

Бала өз ойын еркін айтуға құқылы.

Бала денсаулығын сақтауға, емделуге құқылы;

Әрбір бала өз отбасында, ата – анасымен бірге өмір сүруге құқылы;



**1-маусым –** халықаралық балаларды қорғау күні
**20-қараша** – дүниежүзілік балалар күні
**10-желтоқсан** – адам құқығы күні.
**10.12.1948ж** – адам құқықтарының жалпыға ортақ
Декларациясын БҰҰ қабылдады
**1959ж –** әлемде бала құқығының халықаралық күнін мерекелеу
Декларацияны жариялаудан басталды
**1979ж –** халықаралық балалар жылы өтті
**20.11.1989ж** - БҰҰ-да Бала құқықтары туралы Конвенция қабылданды
**28.01.1993ж** - ҚР-ның тұңғыш Конституциясы қабылданды.
**8.06.1994ж –** Қазақстан Республикасы Бала құқықтары туралы Конвенцияны
бекітті
**30.08.1995ж** - ҚР-ның Конституциясы бүкілхалықтық референдумда
баяндалып, екінші рет қабылданды.



“....18жасқа толғанға дейінгі әрбір адам бала болып саналады”

*Конвенция 1-бап*






Қоғам балаларға қатысты түрде қамтамасыз етуі тиіс негізгі принциптер:

- ❖Бала мүддесін барынша жақсы қамтамасыз ету;
- ❖Кемсітпеу
- ❖Өмір сүру құқығы;
- ❖Бала көзқарастарына құрметпен қарау;
- ❖Баланы қорғау.оның қоғам өміріне,белсенді түрде қатысуын қамтамасыз ету;



# Бала құқығы

**Құқық –** мемлекет тарапынан, болмаса тиісті қаулы, заңмен әрбір адамға берілген ерік, бостандық.

**Конституция –** бұл Қазақстан Республикасында тұратын барлық азаматтардың құқықтары мен міндеттері белгіленген құжат.

**Конвенция –** арнайы бір мәселе жөніндегі мемлекеттердің өзара келісімі.

**Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) –** жер бетіндегі халықтардың мүддесін қорғайтын халықаралық ұйым.

**Туу туралы куәлік –** баланың қашан туғанын анықтайтын негізгі құжат. Мұнда баланың туған күні, айы, жылы жазылады, сондай-ақ ата-анасының аты-жөні, ұлты, туған жері жазылады. Бұл баланың ең бірінші құжаты.

**Азамат –** жеке тұлға, ол мемлекеттің тұрақты тұрғыны және оның құқығы мен міндетінің иесі.











